

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Бекітемін

Сорбонна-Қазақстан институтының директоры
Г.Б.Нурлихина

« 02 » 02 2018 ж.

6M020200 – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР мамандығы бойынша

ҚАБЫЛДАУ ЕМТИХАНЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ

Алматы, 2018

Қабылдау емтиханының бағдарламасы:

- Қазақстан Республикасының 2007 жылдың 27 шілдесіндегі «Білім туралы» заңы;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылдың 17 маусымындағы № 261 бұйрығымен бекітілген магистратура мен докторантураға қатысты «Қазақстан Республикасындағы жалпыға міндетті мемлекеттік білім стандарты»;
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылдың 19 қаңтарындағы № 109 қаулысымен бекітілген «Жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіби оқу бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарына қабылдаудың үлгі ережесі»;
- ҚР БЖҒМ 2013 ж. 10 сәуіріндегі «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» № 158 бұйрығымен бекітілген «6M020200 – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР» мамандығының үлгілік оқу жоспары негізінде даярланды.

Құрастырушылар: с.ғ.д., профессор Матакбаева Л.Х.

Қабылдау емтиханының бағдарламасы Сорбонна-Қазақстан институтының кеңесінде бекітілді: № 8 хаттама, «25» сәуір 2018 ж.

Мамандыққа кіріспе

6M020200 – «Халықаралық қатынастар» мамандығы бойынша магистратураға түсуге арналған бағдарлама осы мамандықты оқу барысында бакалаврлық білім алған талапкерлерге арналған. Бұл бағдарламада халықаралық қатынастар тарихы, қазіргі халықаралық қатынастар жүйесінің, Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты мен дипломатиясының негізгі мәселелерін қамтылған.

Емтиханның мінездемесі (тематикасы, өткізу формасы, бағалау критерийлері)

Емтихан тематикасы

Емтиханның сұрақтары қазіргі әлемнің жалпы кешендік халықаралық мәселелерін қамтиды. Ескі әлемдік тәртіптің құлдырауы мен жаңа тәртіптің негіздерінің қалыптасуы халықаралық қатынастардың мәселелерін күрделендіре түсті. Бағдарламаға ХХІ ғасырдың басындағы геосаяси өзгерістердің талдауы және Қазақстан Республикасының жаһандану жағдайындағы сыртқы саясатының ерекшеліктері кіргізілген.

Емтиханды өткізу формасы

Емтихан билеттері үш сұрақтан тұратын және ауысша формада өткізіледі: бірінші сұрақ - халықаралық қатынастар тарихы және сыртқы саясатқа, екінші сұрақ – қазіргі халықаралық қатынастар мәселесіне, үшінші сұрақ - Қазақстан Республикасының халықаралық қатынастар жүйесіндегі роліне арналған.

Бағалау критерийлері

«өте жақсы» бағасы (10-8 балл) – бағдарламалық материалды толығымен меңгерілуі, қарастырылып отырған процестер мен құбылыстардың қатынасын түсінуі, пәннің негізгі ережені білуі, емтихан билетіндегі сұрақтарға және комиссия мүшелерінің қойған қосымша сұрақтарға дұрыс, толық, логикалық, орынды және нақты жауап беруі.

«жақсы» бағасы (7-6 балл) – бағдарлама сұрақтарына қанағаттанарлық толық жауаптар, сұрақтардың толық мәні мен мақсатын түсінуі, жауаптары орынды әрі нақты болуы.

«қанағаттанарлық» бағасы (5-4 балл) – бағдарламаның негізгі сұрақтарын толық әрі нақты түсіну, емтихан алушылардың қойған сұрақтарына қатесіз әрі нақты жауабының болуы.

«қанағаттанарлықсыз» бағасы (3-1 балл) – бірде бір сұраққа дұрыс жауабы жоқ, жауаптарында қатесі бар, ұсынылған мәселені түсінбеуі, жауаптары нақты емес және қосымша сұрақтарға жауабы жоқ.

Бағдарламаның мазмұны

I тарау . Халықаралық қатынастар тарихы мен сыртқы саясат

I Бөлім. XX ғасырдың I жартысындағы халықаралық қатынастар.

Бірінші дүниежүзілік соғыс кезеңіндегі дипломатия.

Соғыстан кейінгі бейбітшілік мәселелерін реттеу. Версаль және Вашингтон конференциялары. Ресейдегі революция мен азаматтық соғысқа әлемдік державалардың ұстанымы. Бірінші дүниежүзілік соғысы кезеңіндегі жапон-қытай келісімдері. Жапонияның Қытайға жасаған “21 талабы”. Ресейдегі 1917 – 1920 жылдар аралығындағы революциялық жағдайлардың нәтижелері.

Лондондық халықаралық конференция (1924). Оның шешімдері және Еуропадағы халықаралық қатынастарға тигізген әсері. Германия мәселесі.

20-шы жж. аяғымен-30 жж. басындағы Қиыр Шығыстағы халықаралық жағдайдың ушығуы. Қытайдағы Жапонияның агрессиясы және әлемдік державалардың бұған қатысты позициясы.

20-шы жж. аяғындағы халықаралық жағдай. Дүниежүзілік экономикалық дағдарыс, оның халқаралық аренадағы халықаралық қатынастары мен күштер арақатынасына тигізген әсері. Европада және Қиыр Шығыстағы « агрессиялық орталықтың» пайда болуы. Италия, Германия, Жапония елдерінің агрессиялық сыртқы саясат бағытының қалыптасуы.

30-шы жж. екінші жартысындағы Еуропадағы Германияның агрессивтік саясаты. Австрияның аншлюсі. Чехословакия проблемасы және батыс державалардың, КСРО-ның дипломатиясы. Мюнхен келісімі, оның шешімдері және саяси салдарлары.

Испаниядағы азамат соғысы және оған әлемдік державалардың ұстанымы.

1939 ж. көктемінде және қыстағы халықаралық жағдайы және дипломатиялық күресі. Ұжымдық қауіпсіздік жүйені құру проблемасы. КСРО мен Германия арасындағы шабуыл жасаспау Пактісі, оның мазмұны және саяси салдарлары.

Екінші дүниежүзілік соғыс барысындағы және алғашқы кезеңіндегі халықаралық қатынастар.

Ұлы Отан Соғысы кезеңіндегі халықаралық қатынастар мен сыртқы саясат.

II Бөлім. XX ғасырдың екінші жартысындағы халықаралық қатынастар.

Әлемдегі негізгі геосаяси өзгерістер. Соғыстан кейінгі бейбітшілік мәселелерді реттеу.

40 жылдың аяғы мен 50 жылдың басындағы халықаралық жағдай.

XX ғасырдың 50 жылдарындағы Орта және Қиыр Шығыстағы АҚШ пен КСРО ның дипломатиясы.

Екі саяси жүйелерге қатысты үнді-қытай мәселесі.

XX ғасырдың 50 жылдарындағы Латын Америкадағы АҚШ- тың дипломатиясы.

Кореядағы соғысқа әлемдік қауымдастықтың ұстанымы.

Шиеленістерді шешудегі көпжақты дипломатияның әрекеттері.

XX ғасырдың 60 жылдарындағы Батыс Берлин мен Еуропалық қауіпсіздік мәселелері.

XX ғасырдың 60 жылдарындағы аймақтық мәселелер мен әлемдік дипломатия.

XX ғасырдың 60 жылдарындағы ядролық қауіпсіздік пен қарусыздандыру мәселелері.

Таяу Шығыс мәселелерінің шиеленісуі.

XX ғасырдың 70 жылдарындағы Таяу және Орта Шығыстағы саяси оқиғалар.

III Бөлім. XX ғ. 80 жылдарындағы I аймақтық мәселелер мен халықаралық қатынастар.

XX ғасырдың 80 жылдарының II жартысындағы халықаралық жағдай. Екі саяси жүйенің арасындағы жаңа кезеңдерінің алғышарттары.

XX ғасырдың 70-жж. ФГР (Германия) ның Батыс Еуропаға қатысты жаңа саясаты және оның халықаралық қатынастарға әсері.

70-шы жж. бірінші жартысында ЕҚЫК (СБСЕ) құру процесі және көпжақты дипломатия.

ФГР (Германия) басшылығының Варшава одағына қатысты жаңа “шығыс саясаты”. 70-жж. Еуропалық интеграция үрдісі.

Дж. Картер президенттік кезіндегі АҚШ-тың сыртқысаяси бағыты.

XX ғасырдың 90 жылдарындағы көпжақты дипломатиядағы аймақтық мәселелер. 80- жж. екінші жартысындағы кеңес-американ қатынастары. Аймақтық проблемаларды шешуде АҚШ пен КСРО-ның жаңа ұстанымдары. Дейтондық келісімдері, оның Босния мен Герцеговинадағы қақтығысты реттеу үшін мазмұны мен маңызы және бұрынғы Югославияда бейбітшілікті орнатудағы маңызы. XX ғ. 90-шы ж.ж. тропикалық Африкадағы (Руанда, Кот ди-Вуар, Либерия) қақтығыстарды реттеу жөнінде БҰҰ және басқа да халықаралық ұйымдардың қызметі.

II Тарау. Халықаралық қатынастардың қазіргі заманғы жүйесі.

I Бөлім. Халықаралық қатынастардың заңдылықтары. Халықаралық қатынастардың жаңа жүйесінің қалыптасуы.

90 жж. әлемдік дипломатиядағы ядролық қаруды және технологияларды таратпау және ядролық қару сынағын болдыртпау проблемасы.

КСРО ыдырағаннан кейін Шығыс пен Батыс арасындағы ядролық қауіпсіздігі проблемасы (1-2-СШҚ (СНВ-1-2), бұрынғы КСРО-ның ядролық қаруы жөніндегі Лиссабон келісімі).

Халықаралық қатынастарды реттеудің механизімі ретіндегі халықаралық ұйымдар.

Халықаралық қатынастарды реттеу құралы ретіндегі қазіргі кезеңдегі дипломатия.

Қазіргі таңдағы Ресей мен АҚШ арасындағы қатынастарда американдық ПРО (ракетаға қарсы қорғанысы) жүйесін құру проблемасы.

Энергетикалық қауіпсіздік проблемасы және оның қазіргі әлемдегі халықаралық қатынастарға тигізетін әсері.

II Бөлім. Халықаралық қатынастардың аймақтық мәселелері.

Қырғи- қабақ соғыстан кейінгі АҚШ тың сыртқы саяси стратегиясы.

“Кариб дағдарысы” кезеңіндегі КСРО мен АҚШ дипломатиясы. Себептері, дипломатиялық күресі және дағдарысты реттеу жолдары.

Әлемдік державалардың Балкан мәселесіне ұстанымы және дипломатиясы.

Европадағы мемлекетаралық қатынастардың жаңа жүйесінің қалыптасуы.

Ирандағы Ислам революциясы.

Ауғаныстандағы саяси жағдайлар.

Африка құрлығындағы саяси оқиғалары (Эфиопия, Намибия, Ангола) және көпжақты дипломатия.

Тайван мәселесі, себептері мен қазіргі жағдайы.

Үндістан және Пәкістан қатынастарындағы Джамму және Кашмир мәселелері, себептері мен қазіргі жағдайы.

Ирак мәселесінің себептері және әлемдік қауымдастықтың ұстанымы.

III Бөлім. ТМД елдеріндегі сыртқы саяси үрдістер.

КСРО ның тарауы, жаңа тәуелсіз мемлекеттердің құрылуы және көпжақты дипломатия.

Бұрынғы КСРО территориясындағы ұлтаралық қақтығыстарды реттеу мәселелері.

Ұжымдық қауіпсіздік бағытындағы ынтымақтастық.

IV Бөлім. Халықаралық интеграцияның аймақтық варианттары.

Қазіргі кезеңдегі Оңтүстік Азиядағы интеграциялық үрдістер. Үнді мемлекетінің ролі.

Еуразиялық кеңістікте бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау жөнінде ҰҚКҰ (ОДКБ) құру кезеңдері мен оның қызметі.

Шанхай ынтымақтастық Ұйымын құру кезеңдері және оның қазіргі таңдағы қызметі.

Латын Америкасындағы интеграциялық үрдістер.

Қазіргі замандығы МЕРКОСУР.

ТМД- дағы интеграциялық үрдістер.

V Бөлім. XXI ғасырдың басындағы халықаралық қатынастардың өзекті мәселелері.

Ауғаныстандағы антитеррористік коалицияның әрекеттері: нәтижелері мен салдары.

БРИКС елдері: халықаралық қатынастардың жаңа орталығының қалыптасуы.

Корея аралдарындағы ядролық қауіпсіздік.

Президент Барак Обама басқарған жаңа әкімшіліктің келуімен АҚШ сыртқы саяси бағытының өзгеруі.

2011 жылдың көктеміндегі Солтүстік Африкадағы оқиғалардың халықаралық қауіпсіздікке тигізген әсері.

Иран мен АҚШ арасындағы қатынастар.

III Тарау . Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты

I Бөлім. Қазақстан Республикасының сыртқы саясат тұжырымдасы мен халықаралық қауіпсіздік мәселелері.

Қазақстан Республикасының халықаралық қатынастар жүйесіне кіруі. Қазақстан және халықаралық ұйымдар.

Қазақстанның халықаралық бастамалары.

Н.Назарбаевтың “Тарих толқынында” атты еңбегінде қазақстандық мемлекеттілігінің тарихи даму кезеңдері. Мәңгілік Ел – «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты жолдаудың негізгі тақырыбы және ұлттық идеология концепті.

II Бөлім. Қазақстан Республикасының ТМД -дағы саясаты. Еуразиялық одақ құру идеясы.

Қазақстан- Ресей қатынастары.

Қазақстан –Өзбекстан қатынастары.

Қазақстан- Түркменстан қатынастары.

Орталық Азиядағы аймақтық қауіпсіздіктің негіздері.

2010 сәуіріндегі қырғыз оқиғасы және әлемдік қауымдастықтың бұған көзқарасы.

Кедендік Одақ: қалыптасуы мен перспективалары.

Қазақстан мен кавказ республикалары.

ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Дағдарыстан шығу кілті» атты мақаласындағы дағдарыстың себептері мен оны шешу жолдары туралы ойлары.

III Бөлім. Қазақстан Республикасының сыртқы саясатының азиялық бағыты.

Қазіргі таңдағы Қазақстан Республикасының шығыс Араб елдерімен қатынасы

Қазақстанның ИКҰ –ға төрағалығы.

Қазақстан Республикасының Азия Тынық Мұхиты елдерімен қарым –қатынасы.

Қазақстан –Қытай қатынастары.

Қазіргі таңдағы Орталық Азиядағы бейбітшілік пен қауіпсіздікті күшейту жөнінде АӨСШК қызметі.

IV Бөлім. Қазақстан Республикасының Америка елдерімен қарым– қатынасы.

Қазіргі таңдағы Қазақстан-америкалық қатынастар.

Қазіргі таңдағы Қазақстан Республикасының Латын Америкасы елдерімен қатынасы

V Бөлім. Қазақстан Республикасының сыртқы саясатының европалық бағыты.

Қазіргі таңдағы Қазақстан Республикасының Европалық Одақ елдерімен қарым– қатынасы.

2010 жылғы Қазақстанның ЕҚЫҰ төрағалығы кезіндегі негізгі басымдықтары. ЕҚЫҰ Астаналық форумы және оның шешімі.

